

А. Қабдоллаев, 2-курс

Ғылыми жетекшісі: Ө. А. Тұраанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы

(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АДАМДАРДЫ САУДАҒА САЛУ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабына сәйкес: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген¹. Яғни, біздің Ата заңымызға сәйкес мемлекеттің ең басты құндылығы, заңнамамен қорғалатын ең басты әлеуметтік қазына ол — адам өмірі, құқықтары және бостандықтары. Бұрынғы қылмыстық заңда Қазақстанда адамды саудаға салу үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі дәуірде де қазақ жерінде кәмелетке толмаған балаларды саудаға салу мәселесі туындамаған. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 9-бабында, сонымен бірге Адам құқықтары туралы Жалпы декларацияның 3-бабында көрсетілгендей, әрбір адам бостандық пен жеке дербестікке құқығы бар. Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабында «Әркім жеке бостандыққа құқылы» делінген. Толық бостандық кез келген іс-әрекетті орындауға, мәжбүрлеу мен шектеулерге белсенділің немесе қарсылық танытуға мүмкіндік береді. Шектеу немесе бостандықтан айыру, қамау және қарауда ұстау заңмен бекітілеген және сот санкциясы немесе қамалған адамға сот шағымын жеткізген қорғаушы санкциясы жағдайда болады.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің 2003 жылғы 10 қыркүйекте Парламент палаталары төрағаларының, Үкімет мүшелерінің, Президент Әкімшілігі, Премьер-Министрдің кеңсесі, республикалық, аумақтық құқық қорғау және сот органдары басшыларының қатысуымен Астана қ. өткен қылмыстылыққа қарсы күрес және заңдылықты сақтау мәселелері жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «... барлық елде өзекті болып отырған мәселе — нәпсіқұмарлық, құлдыққа салу және басқа да пайдалану мақсатында адамдарды заңсыз шет елдерге шығару, саудаға салу мәселесі. Қазақстанда мұндай қылмыстық әрекетті

тыюға бағытталған заңдылық сипаттағы белгілі қадамдар жасалды. Ендігі жерде жеке адамның құқықтары мен бостандығын қорғауды тәжірибе жүзінде қамтамасыз ету – құқық қорғау органдарының міндеті»².

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабында адамдарды саудаға салу қылмысы көрсетілген. Азғырып көндіру дегеніміз — қандай да бір жұмыс үшін адамдар іздестіру, оларды табу, шақыру, жұмысқа тартып жалдау. Бұл ретте жәбірленушіге жұмыстың сипаты, еңбек шарты, жалақы, т. б. жайында жалған деректері беріледі, яғни ол алданып қалады.

Жәбірленушіні өзгедей пайдалану дегеніміз — қандайда бір пайда алу мақсатында оның интеллектуалдық және қол еңбегін пайдалану.

Кінәлінің іс-әрекетін ҚР ҚК-нің 128-бабы бойынша саралау үшін жәбірленушіні азғырып көндіргенде алдау фактісінің болғандығын анықтау қажет.

Адамды өз еркінен тыс жұмыс істеуге мәжбүрлеу ісі «құлдық» деген терминмен ең алғаш рет ежелгі Египет, Вавилон, Үндістан, Қытай, Грекия, Рим және әлемнің басқа аймақтарында пайда болған. Адамзат тарихында адам сату, оның еңбегін қанау фактілері өте жиі кездеседі. Сондай-ақ адамның еңбегін қанаумен қатар, жезөкшелікке салу да — ежелгі замандардан бері келе жатқан үйреншікті жағдайлардың бірі. Әйтсе де бұл иманы мен арұятын жоғалтпай, салт-дәстүрге қатаң бағынып келген біздің халқымыз үшін тосын жайт болғаны сөзсіз. Адам саудасы өткен ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында барынша жылдамдықпен дами түсті. Мамандардың пікірінше, бүкіл дүние жүзінде жыл сайын шамамен 800 мыңнан 4 миллионға дейінгі адам құлдыққа сатылып, еңбегі қаналады екен. Ал оны ұйымдастырушы азаматтар одан жылына 7 миллиард доллар табыс табатын көрінеді. Сондықтан да қазіргі таңда адам саудасы әлемдегі ең табысты істер бойынша үшінші орында саналады, ал одан алдыңғы екі орынды заңсыз қару-жарақ сату және есірткі саудасы алып тұр.

Бұрыннан қалыптасқан құлдыққа қарағанда, қазіргі адам саудасының айырмашылығы — мұнда сатылатын адам бәріне өз келісімімен барады. Яғни оған алғашында ешқандай күш көрсетілмейді. Адам саудасымен айналысушылар өздері сол субъект жайында толық мәлімет жинап, оның мінез-құлқы мен ондағы әлсіз тұстарын жақсылап зерттейді. Алдаумен, я болмаса тағы да басқа «жұмсақ» тәсілдермен көндірген соң, оны қанау немесе пайдалану мақсатында құжаттарын алып, шетелге асырады. Шетелде оны заңсыз еңбекке салып, өзіне сол кезде күш көрсете бастайды. Міне, адам құқының қатаң бұзылуы, жеке тұлғаға қарсы үлкен қылмыс. Олай болса, бұл мәселе — қазірде тек аймақтық қана емес, бүкіл әлемдік деңгейде шешімін таппай отырған өзекті мәселе. Қазір әлем картасында мұндай өзекті мәселені жоққа шығаратын бірде-бір ел қалмады. Экономикасы мен әлеуметтік инфрақұрылымы дамыған елдер сол сатылған адамдарды жеткізетін аймақтар болып саналса, экономикасы артта қалған елдер адамдарды сатушы, сыртқа шығарушы ретінде қалыптасқан. Осындай қылмыстар барысында адамның жынысы үлкен рөл атқарады, себебі ол адамды саудалаумен байланысты кез келген жыныстық қылмыстардың жасалуына қажетті жағдай болып табылады³. Алайда әйелдер мен ерлердің жыныстарын жалпы салыстыру жеткіліксіз болады, бұндай жағдайда тек әйелдердің жынысына мұқият талдау жүргізу керек⁴.

Адам саудалау, жеңгетайлық, притон ұйымдастыру, жезөкшелікпен айналысуға тарту, адамдарды ұрлау фактілері күн өткен сайын жиілеп келеді. Адам саудасы криминогендік бизнестің алуан түрлілігі сияқты адамзаттың күрделі проблемаларының бірі болып табылады. Ол әлдеқашан жекелеген мемлекеттерден тысқары шығып, әлемдік ауқымға ие болды. Елімізде өзінің экономикалық және географиялық орналасу жағдайына байланысты, өкінішке қарай, адам саудасы құрбандары азаймай отыр.

Географиялық орналасуы мен экономикалық жағынан дамуына байланысты елімізге Орта Азиядан еңбек көшіп қонушылары ағыла бастады. Қазір ел ішінде миграциялық процестер белсенді жүріп жатыр. Мыңдаған адам жұмыс табу мақсатында заңсыз қоныс аударады. Тіпті, елімізде шетел азаматтарын әртүрлі жұмыстарға пайдалану үшін алдап әкеліп, құлдыққа салу ахуалы қалыптасты. Соңғы жылдары адамдарды сату деректері күрт өскен. Жыл сайын оның құрбандарының саны төрт миллионға жуықтайды. Адам трафигі қару-жарақ пен есірткі саудасынан кейінгі орынды алады. Адамдарды сату, пайдалану, азғырып-көндіру, тасу, жасыру әрекеттеріне байланысты қылмыстармен күрес қатаң сипатта жүр-

гізіледі. Бұл — адамдардың өмір сүруге, бостандығына, денсаулығын қорғауға деген конституциялық құқығын қорғау мәселесі болып табылады. Адам саудасының, соның ішінде кәмелетке толмаған балаларды саудалаудың мақсаты — сатып алушыдан пайда көру болса, екінші жағынан баладан құтылудың жолы болып та келеді. Әрине сатып алушының баланың қандай ма бір органын немесе тінін пайдалану, сату арқылы пайда табуы, немесе оны басқа да арам пиғылды мақсатын іске асыру үшін қолдануы мүмкін. Мысалы, баланы құлға айналдыру, қылмыс жасауға тәрбиелеп шыңдау, жезөкпелікпен айналысатын пайда көзіне айналдыру және т. б. Қазіргі заманғы кәсіпкерлік бизнесте «Сұраныс ұсыныстан туады, ұсыныс сұраныстан туады», деген сөз бар. Бұның өзі сатып алу-сату үшін адам ұрлау — делдалдық бизнестің қайнар көзіне айналып бара жатқандығын білдіреді.

Біздің тұжырымдауымыз бойынша адам саудасын алдын алуға болады. Ол үшін қылмыстық заңнамаға мұқият көңіл бөліп, адамның жеке басының бостандығын шектеп, оны ұрлау арқылы құқықтық нормасын бұзатындармен күресті күшейтіп, осы санаттағы істермен айналысатын құқық қорғау органдарының белсенділігін жоғарылату қажет. Сонымен қатар халық арасында жоғарыдағы мән-жайлар туралы ақпараттар жиі жарияланып, үгіт-насихат жұмыстарын жандандырған жөн. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының қылмыстық заң актілеріне еліміздегі адам саудасына тосқауыл қою мәселелеріне байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстандағы адам тағдырымен ойнаған алаяқтарға құрық салуға негіз болар деген үміттеміз.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз.

² *Назарбаев Н. А.* Демократические ценности и непререкаемый авторитет закона // Каз. правда. 2003. 11 қыркүйек

³ *Ривман Д. В.* Криминальная виктимология. — СПб., 2002. С. 44-45; *Ривман Д. В., Устинов В. С.*, Виктимология. — СПб., 2000. 71-72-бб.

⁴ Бұған Америка авторларының мақалаларында тікелей көрсетілген. Қарау. *Dugan L., Apel R.* An exploratory study of the violent victimization of women: situational context // *Criminology*. — 2003. — Vol. 41. P. 21.